...РЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

...ТУЫ

...ТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
...АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

...сентябрь Жексенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын.

# Кеше Алматыда Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясының VI съезі ашылды.

## ...П VI съезі

...ын жақсар-

... партияның
... ішінде ұйым-
... жағынан өсіп.
...ммунист (боль-
...я мен халық-
... Ленин мен
...үйене отырып.
...ің идеология
...ларын басшы-
...лика еңбекші-
...иотизмі рухын-
...ң ынтымағы
..., Ленин —
...үшін, біздің
...коммунизм ...і
...ухында, еңбек
... рухында тәр-

...і — ленинизм-
...н да зор маңыз
... партия ұйымы
...рдың, барлық
...теориялық дәре-
...лерге коммунис-
...мыстар істеді.
...ртия оқу орын-
...ердің көпшілігі
... Насихатшы-

... бұл күндері
... — Лениннің —
...

салу жұмыстары жүргізіле береді. Республикада жергілікті суару әдісін қолдану, шыңырау құдықтардың суын пайдалану жолымен шөбі қалың шабындықтар мен жайылымдар жасалады.

Жаңа бесжылдықта Солтүстік -Шығыс Қазақстан аудандарында дәнді дақылдардың шығымдылығын гектар басы 15—16 центнерге, суармалы жерлерде 24—26 центнерге дейін жеткізу, Оңтүстік Қазақстан аудандарында мақтаның шығымдылығын гектар басы 26—27 центнерге дейін жеткізу міндеті қойылған. Бесінші бесжылдық жоспарда Қазақстанда қоғамдық малдың санын көбейту, оның өнімін молайту ісіне қатты көңіл бөлінген.

Республиканың халық шаруашылығын, әсресе, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын өркендетудегі болған кемшіліктерді тез түзетіп, еңбекшілерді жаңа бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын, толық және артығымен орындауға жұмылдыру —партия ұйымдарының аса маңызды міндеті.

Партияның өзгертілген Уставы текстінің жобасы —орасан зор маңызы бар документ. Онда партиямыздың қолы жеткен тарихи жеңістері, алдында тұрған жаңа міндеттері, бұл міндеттерді орындаудың ұйымдастыру құралдары баяндалған. Партия бұқарасы Уставтың жобасын қызу талқылап, ұнатып, мақұлдауда. Мұның өзі съезд алдындағы партия конфе-... ...етіп жатқан партия жиы-...

# Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясының VI съезі

20 сентябрьде, Алматыда, Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрында Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясының VI съезі ашылды.

Сахнаның төрінде В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің портреттері қойылған. Алқызыл матаға: «Лениннің туы астында, Сталиннің бастауымен —коммунизмнің жеңісіне қарай алға басайық!» деген сөздер жазылған.

11 сағатта президиумның столына Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің Секретары **Ж. Шаяхметов** жолдас келді. Шаяхметов жолдас съездің делегаттарына арнап, сөз сөйлеп, былай деді:

— Қазақстан К(б)П VI съезіне шешуші дауыспен 816 делегат және кеңесші дауыспен 122 делегат сайланды. Съезге шешуші дауыспен 789 делегат және кеңесші дауыспен 120 делегат келді. Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясы Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша Қазақстан К(б)П VI съезін ашылды деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Бұдан кейін съезд съездің басшы органдарын сайлады.

Делегат **Лосев** жолдас Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстары делегаттарының тапсыруы бойынша съезд президиумының саны мен жеке құрамы туралы ұсыныс енгізді. Съезд Лосев жолдастың ұсынысын қабылдап, бірауыздан президиум сайлады.

## *Қазақстан К(б)П VI съезінің президиумы*

1. ...
30. Қарсыбаев Ш. К.

## *Қазақстан К(б)П VI съезінің Секретариаты*

1. Адаменко Г. А.
2. Жазин Н.
3. Ефремкин М. А.
4. Лосев Г. В.
5. Савинский Ф. Г.
6. Третьяков К. П.
7. Тілеулиев А.
8. Хафизов А. Х.
9. Храмков И. П.

**Шаяхметов** жолдас: Біз съездің Мандат комиссиясын сайлауымыз керек. Ұсыныс жасау үшін делегат **Третьяков** жолдасқа сөз беріледі.

Делегат Третьяков жолдас Шығыс Қазақстан, Алматы, Жамбыл және Талдықорған облыстары өкілдерінің атынан Қазақстан К(б)П VI съезінің Мандат Комиссиясының құрамы туралы ұсыныс енгізді.

Съезд Третьяков жолдастың ұсынысын қабылдап, бірауыздан Мандат комиссиясын сайлады.

## *Қазақстан К(б)П VI съезінің Мандат Комиссиясы:*

1. Әбдірахманов К.
2. Байғалиев Х. Б.
3. Бунаков З. А.
4. Бердіқұлов Қ.
5. Ғабдушева К.
6. Жанғозин Д.
7. Захаров Н. Д.
8. Ильяшев Р.
9. Смағұлов Д. И.
10. Трубицина Н. В.
11. Хрусталева М. В.

**Шаяхметов** жолдас: Біз съездің Редакциялық комиссиясын сайлауымыз керек. Ұсыныс жасау үшін сөз делегат **Хрусталева** жолдасқа беріледі.

Делегат Хрусталева жолдас Көкшетау, Гурьев, Қостанай

көлемі 42 процент, оның ішінде ... оидан егісінің көлемі 24 процент, техникалық дақылдар — 16,3 процент ұлғайтылды. Малдың барлық түліктерінің саны бірнеше есе көбейді.

Еңбекшілердің әл- ауқат және мәдениет дәрежесін үнемі арттырып отыру — социализмнің бұлжымас заңы. Елімізде азық -түлік және өнеркәсіп товарлы бағасының бес дүркін арзандатылып, совет саудасының онан сайын өрістетілуі арқасында республика еңбекшілерінің тұрмыс күйі жыл санап жақсарып келеді. Жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы, колхозшылардың табысы анағұрлым артты.

Қазақстанда советтік мәдениет пен ғылым, советтік әдебиет пен искусство көп ілгері басты. Мектептердің, арнаулы орта және жоғары оқу орындарының саны едәуір көбейді. Өткен уақыт ішінде оқушылар саны мектептерде —22,2 процент, арнаулы орта оқу орындарында —65,8 процент, жоғары оқу орындарында —2,7 есе өсті. Қазір республиканың өз Ғылым академиясы бар. 1951 жылы, 1938 жылғымен салыстырғанда, ғылми- зерттеу мекемелерінің саны 4,4 есе өсті. Республикада клубтар мен кітапханалардың саны едәуір көбейді, халыққа медицина кө-

идеология мәселелері ...

хи қаулылары, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің VIII пленумы мен Қазақстан К(б)П V съезінің қаулылары қазақ тілі біліміндегі қателерді, Қазақстан тарихы мен қазақ әдебиетінің тарихын баяндаудағы буржуазияшыл- ұлтшылдық сыйпаттағы өрескел қателер мен бұрмалаушылықтарды әшкерелеп, жоюда үлкен роль атқарды. Бұл қателерді ақырына дейін әшкерелеп, әбден түзету —партия ұйымдарының міндеті. Ол үшін республиканың ғылми қызметкерлерінің, тарихшыларының, әдебиетшілері мен тіл мамандарының арасында сын мен өзара сынды кең өрістету керек.

Қазақстан еңбекшілерінің қолы жеткен табыстары ұшан- теңіз. Ал, біздің болашағымыз бұдан да зор. Бұл болашақ ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарының жобасынан айқын көрінеді. Жаңа бесжылдық ішінде Қазақ ССР-нің экономикасы мен мәдениеті күшті қарқынмен өркендетіледі. Өскемен су электр станциясы іске қосылады. Ертіс өзені бойында жаңадан Бұқтарма су электр станциясы салына бастайды.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы онан әрі өркендетіледі. Осы мақсатпен Сырдария бойына суару системасы

маңызды документтерде көрсетілген келелі міндеттерді бұлжытпай жүзеге асырудың жолдарын белгілейді.

Қазақстан К(б)П VI съезі —республика жұртшылығының өміріндегі үлкен оқыйға. Республика еңбекшілері съезді еңбекте орасан зор табыстармен қарсы алды. Олар БК(б)П XIX съезі құрметіндегі социалистік жарысты кең өрістете отырып, партия съезі ашылатын күнді жемісті бейбіт еңбек майданында бұдан әлде қайда зор табыстармен қарсы алады, сөйтіп, елімізде коммунизм орнату ісіне бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік нығайту ісіне лайықты үлес қосады.

Қазақстан партия ұйымы БК(б)П XIX съезіне БК(б)П Орталық Комитетінің, партияның және халықтың ұлы көсемі И. В. Сталин жолдастың төңірегіне тығыз ұйымдаса отырып барады.

Совет халқының барлық жеңістеріне дем беруші, оларды ұйымдастырушы — Ленин — Сталин партиясы жасасын!

Лениннің өшпес туы астында, Сталиннің данышпандық басшылығымен коммунизм жеңісіне қарай, ілгері баса берейік!

**(«Социалистік Қазақстанның» 20 сентябрьдегі басмақаласы).**

мыз керек. Ұсыныс жасау үшін сөз делегат Қойшы... жолдасқа беріледі.

Делегат Қойшыбаев жолдас Семей, Батыс Қазақ... Павлодар және Ақтөбе облыстары делегацияларының ат... және солардың тапсыруы бойынша, съезд Секретариаты... құрамы туралы ұсыныс енгізді. Съезд Қойшыбаев жолда... ұсынысын қабылдап, бірауыздан Секретариат сайлады.

# БК(б)П XIX съ...

☆

## *Съезд құрметін...*

—Менің шопан болып істегеніме ... жылдай болды,—дейді Каганович атындағы колхоздың (Совет ауданы) шопаны Е. Батурин жолдас,—осы мерзім ішінде 2 мыңға жуық қозы алып, оларды шығынсыз өсірдім. Ал, өткен жылы әрбір 100 саулықтан 115 қозы алдым. Әрбір 100 саулықтан қозыны мейлінше көп алу менің дағдылы ісім. Бұл жалғыз менің ғана емес, бүкіл шопанның абройлы ісі болуға тиіс. Бұлай дейтінім —қандай түлік болмасын төл есебінен өседі. Демек, аналық малдарды жақсы күтімде ұстау, сөйтіп, төлдің көп алынуына қолайлы жағдай жасау әрбір шопанның негізгі міндеті. Мұнсыз қой шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруда айтарлықтай табыстарға жетуге болмайды.

—Әрбір 100 саулықтан қозыны көп алып келе жатсам, оның негізгі сыры сол —мен қозылайтын қойларға тығылықты күтім жасаймын. Сондықтан олар жаз да, қыс та күйлі және шығынсыз өсіріледі. Күйлі өскен қой әрқашан аман қозылап, өсімтал болады. Қой өсіруде табысқа жету үшін бұл да жеткіліксіз. Олай болса, төл алу маусымына үлгілі әзірлену қажет. Мен және менің істесім В. Гопаненко жолдас жылма- жыл төл алу маусымын барлық жағынан үлгілі өткіземіз.

Маусым басталмас бұрын төлге арнап құнарлы жемшөп, жыды қора әзірлейміз.

Сөйтіп, төлді ... кейін төл жаз... көктемді -жаз... бұрын іріктел... бағамыз. Біз ... бағуды барған... Осы арқылы ... веті мен КК(... қой шаруашы... өнімділігін ар... көрсетілген м... дауға мүмкін...

Партияның ... қойды жайы... жақсартып, ... Қыс —қой ... Қойды қыста... алып шығу ... күннен тынғ... Қойдың қыст... дымен оның ... жылы қорал... ке байланыс... барлық мал... лы жемшөп... жеткілікті ә...

Партияны... тармен қарс... жолдас аянб... татуға тынғ...

# Грузия Коммунист (большевиктер) Партиясының XV съезі

ТБИЛИСИ, 19 сентябрь. (СОТА). Грузия Коммунист (большевиктер) партиясының XV съезі болып өтті.

Съездің делегаттары орасан зор жігермен құрметті Президиумға ұлы Сталин бастаған БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросын сайлады.

Съезд Грузия К(б)П Орталық Комитетінің есепті баяндамасын талқылады. Бұл жөнінде Грузия К(б)П Орталық Комитетінің Секретары А. И. Мгеладзе жолдас баяндама жасады.

Съезд есепті баяндама бойынша кең қарар қабылдады.

## ӨЗБЕК КОМПОЗИТОРЛАРЫНЫҢ ЖАҢА ШЫҒАРМАЛАРЫ

ТАШКЕНТ, 19 сентябрь. (СОТА). Өзбек композиторлары бірсыпыра жаңа музыкалы шығармалар жасады.

«Бейбітшілік үшін!» деген кантатада композитор Д. Сааткулов партиямыздың лениндік —сталиндік дана ұлт саясатының салтанат құрғанын, халықтардың достығын, бейбітшілік жолындағы күресін бейнелеген. Композитор П. Акбаров симфониялық оркестрге арналған «Хамза» поэманы жазып болды. Бұл шығарма өзбектің тұңғыш совет ақыны, драматургы, композиторы және қоғам қайраткері, ағылшын империализмнің жалдамалы агенттерінің қолынан қаза тапқан Хамза Хаким -Задеге арналған.

Композиторлар С. Бабаев, М. Бурханов, К. Абдуллаев, М. Левиев шекті аспаптармен және әнмен орындалатын жаңа пьесалар жазды.

## КӨРКЕМӨНЕРПАЗДАР КОЛЛЕКТИВІНІҢ ТАБЫСЫ

САРАНСК, 19 сентябрь. (СОТА). Чамзин ауданындағы «Тринадцатый октябрь» ауылшаруашылық артелінің драма үйірмесінің коллективі А. Н. Островскийдің «Найзағай» пьесасын қойып берді. Спектакельге 400- ден аса адам келді. Үйірменің репертуарында Гогольдің «Ревизоры», Горькийдің «Мещандары», Софконың «Екінші майданның арғы бетінде» деген пьесасы және басқа пьесалар бар.

## ҰРМЫСЫ

# даңқы артып, ідене береді

### активінің жиналысынан)

сынады. Ол қала
ын және су бас-
ды усынды.
дас жиналысқа
н қаланы көркей
елерінің жұмыс-
іру мәселелеріне
үлкен емес. Де-
құрылыс мекеме-
ұл мекемелер құ-
т бекіткен архи-
ша жүргізбейді
анизмдерін дұрыс
кейбір мекеме-
, көтеру кранда-
олардың қуаты
даланылады. Ал,
ай күрделі меха-
құрылыс жұмыс-
ргізіледі. Қалада
құрылыстары
ті. Облыстық
рылыстарды қа-
білмейді.

еген уақ құры-
, іріләндірсе құ-
ыдай жүргізуге
сақ құрылыс ме
есі партияның
ық жоспары жө
көрсетілуі қа-

ктәу бөлімінің
с жаңа бесжыл
арға байланыс-
денсаулығын
артудың қажет-
саулық орынд
ерлері халық
жұмысын ұйым
аз табыстарға

атындағы артель партия ұйымы-ның секретары Конякин, инженер Баярский жолдастар сөз сөйледі. Жиналыс бесінші бесжылдық жөніндегі директивалар жобасын бірауыздан қуаттаумен қатар, қала партия ұйымдары мен кәсіподақ ұйымдарын және шаруашылық орындарын партияның XIX съезі құрметіндегі социалистік жарыстың кеңінен өрістетілуіне басшылық етуге, сөйтіп, әрбір кәсіпорны бойынша қабылданған міндеттемелердің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуге міндеттеді.

* * *

Екінші мәселе —партияның өзгертілген Уставының жобасы жөнінде қалалық партия комитетінің секретары Сыздықов жолдас баяндама жасады. Ол Устав жобасы партияның ұйымдастыру негіздерін одан әрі нығайтатынын, партия мүшелерінің коммунистік қоғам орнату жолындағы авангардтық рольдерін бұрынғыдан да арттыратынын айтты.

Киров атындағы завод партия ұйымынан келген коммунист Власов жолдас партияның өзгертілген Уставының жобасын қызу қолдайтынын білдіре келіп, партия мүшелерінің коммунистік құрылыста авангардтық роль атқару үшін идеялық-саяси білімдерін үнемі арттырып отырудың қажеттігіне тоқталды. Партия ұйымдары, деді Власов жолдас, коммунистердің маркистік-лениндік оқуын тыңғылықты ұйымдастырулары қажет. Бұл жөнінде әрбір коммунистке қатаң талап қою керек. Партиямыздың тарихы мен теориясын терең үйренбейінше оның саясатын жүзеге асыру қиын болады.

Партияның өзгертілген Уставының жобасы, —деді темір жол бөлімінің техникалық бюросының бастығы Марьясов жол-



Жуырда Володарский атындағы кеме жасау заводы «Семен Дежнев» пароходын жасап суға түсірді. Бұл кеменің бұрынғы кемелерден көп айырмашылығы бар. Кеменің барлық көмекші механизмдері — руль басқару кокыс көтергіштер—барлығы электрлендірілген. Кемеде кең, жарық машина -қазан бөлмесі, қызыл мүйіс бар. Кеме толық радиоландырылған. Ол көлдер мен ірі су коймаларында жүруге арналған. Кеме жасау заводының коллективі бұл кемелерді көптеп шығаруға кірісті.

СУРЕТТЕ: «Семен Дежнев» кемесінің Клязьминскі су қоймасында тұрған кезі.

**(СОТА-ның фотохроникасы).**

## Құрметті заказдар мерзімінен бұрын орындалды

МОГИЛЕВ, 19 сентябрь. (СОТА). Бүгін металл өңдейтін Могилев комбинатының коллективі коммунизмнің Еділдегі ұлы құрылыстарына жылдық тапсырманың есебіне электр моторларының соңғы пар-

# Партияның XIX съезі құрметіндегі вахта

## График бойынша жұмыс істеу үшін күресудеміз

Сталин жолдас Кремльде теміржолшыларды қабылдаған бір жиналыста темір жол транспортының шешуші және барлығын қамтитын ролін жүзеге асыру үшін барлық бөлімдердің жинақтылықпен және олардың жұмысы арнаулы қатаң тәртіппен істелуге тиіс деп ескерткен болатын.

Мен Петропавл станциясының шығыс паркінде кезекші болып істеймін. Шығыс парк арқылы, көбінесе, жүк тиелген поездар өтеді. Сондықтан олардың станция арқылы тоқтаусыз өтіп кетуін қамтамасыз ету үшін поездардың жүрісіне тікелей қатысы бар барлық қызметкерлерден жинақтылық талап етіледі.

Поездарды жөнелту және қабылдау жөніндегі графиктерді орындауға барлық қызметкерлерді жұмылдыру арқылы, еңбектің озат әдістерін кеңінен қолдану арқылы станция жұмысының тәжрибесі жұмыста кездескен кемшіліктерді ойдағыдай жойып отыруға болатындығын көрсетті.

Поездардың жүріс графиктерін орындау және поездарды шапшаңдатылған әдіспен жөнелту жөніндегі өзімнің міндетімді станция кезекшісімен, маневр диспетчерлері және вагоншылармен бірлесіп отырып орындаймын. Поездарды жөнелтуге тікелей қатысы бар барлық қызметкерлермен бірге поездардың станцияда тұруын технологиялық процестің мөлшерінен де кеміте түсуге жетістім. Егер поездың ішінде көп уақытты керек ететін жұмыс кездесе қалса, поездың жүруімен байланысты барлық қызметкерлерге бұл туралы ескертіп, оларды поезды жұмыстауға ұйымдастырамын. Бұл екінші поезды шапшаңдатылған әдіспен жөнелтуге мүмкіншілік береді.

Кей уақытта, бір себептермен, поездарды шапшаңдатылған әдіспен жөнелту мүмкін болмай қалады. Техникалық ақаулар кездесіп, немесе, паровоздарды тосып қалуың мүмкін. Мұндай жағдайда мен поездарды график бойынша жөнелтуге тырысамын. Өйткені, поездардың графигін бұрмалауды болдырмау керек. Ол үшін келген поездардан паровозды ағытып алу әдісін қолданамын.

Бір мысал: станцияда бір кезекшілікті атқарып жүрген уақытта бізге мынадай бір қиыншылық кездесті. Бақылау постында паровоздар болмай қалды. Екінші шығыс жолына 9 сағат 5 минут кезінде № 921 поезд келді. Поездың расписаниесін бұзбас үшін паровоз одан ағытылды да депоға барды, мен 9 сағат 23 минутта келген № 931 поездан паровозды ағытып алып, оған 9 сағат 55 минутта келген № 4651 поезының паровозын тіркедім.

Сонымен өзімнің кезекшілігімнің уақытында паровоздарды поездарға тіркеумен өзімнің сменаммен бірге поездардың график бойынша дәлме-дәл жөнелтілуін 100 процент қамтамасыз еттім.

Поездардың жүрісіне тікелей байланысты барлық қызметкерлермен бірге бірлесіп істеп, поездарды шапшаңдатылған әдіспен жөнелтуді қолдану, станциядағы радио- техниканы кеңінен қолдану поездарды шапшаңдатылған әдіспен жөнелтуді қамтамасыз етеді.

**Г. ПАСКУЛЬ.**

**Шығыс паркінің кезекшісі.**

## Менің жұмыс тәжрибем

Станцияда вагондардың бос тұруын

А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинаты партия бюросы секретарының орынбасары Ануфриев жолдас комбинат коллективінің съезд директиваларының жобасын зор еңбек өрлеуімен қарсы алғанына тоқталды. Шақау совхозы егін жыйнау жұмысын үлгілі ұйымдастырып, мемлекетке астық тапсыру жөніндегі жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Съезд алдындағы социалистік жарыс барлық цехтар мен бригадаларда кеңінен өрістеуде. Коммунист -мастер Ыбыраев жолдастың бригадасы сменалық тапсырмаларын 230—240 процент етіп орындауда.

Жаңа бесжылдықта комбинат кәзіргіден анағұрлым кеңейеді. Мұнда жаңа цехтар, холодилниктер және жазғы театр құрылыстары салынбақ. Осыған байланысты электр қуатының жеткілікті болуы қажет. Ал, электр станциясының кәзіргі жұмысы бізді қанағаттандырмайды.

Ануфриев жолдас сөзінің соңында комбинатты қамсыздандыру жөніндегі темір жол транспортының жұмысын және қаланың сауда орындары комбинаттан шығатын продуктыларды алып, сату ісіне кем-

кадрларының білімдерінің тайыздығынан болып жүр. Сондықтан қалалық оқу бөлімі аталған пәндердің оқытушыларының арнаулы семинарларын ұйымдастырып, оларды лабораториялық жұмысқа үйретіп отырса дұрыс болар еді.

Шағын двигательдер заводының бас технологы Котелов жолдас завод коллективінің съезд құрметіндегі социалистік жарыста қол жеткен табыстарын баяндады. Завод 9 айлық жоспарды мерзімінен бұрын 19 сентябрь күні аяқтады. Жұмысшылар мен техник қызметкерлер өнімнің өзіндік бағасын кеміту, мемлекеттік қаржыны үнемдеу, еңбек өнімділігін еселеп арттыру жөніндегі жарысты кеңінен өрістетуде. Завод коллективі шаруашылық ішкі қорларды дұрыс пайдалану жолымен партияның XIX съезі күніне дейін 280 мың сом мемлекеттік қаржыны үнемдемек.

Партияның XIX съезінің жаңа бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары жобасын талқылауда орталық электр станциясы партия ұйымы секретарының орынбасары Павлов, Киров

...жауапкершіліктерін арттырады.

Мұнан кейін сөз сөйлеген Копылов жолдас партия мүшелігіне кандидаттарды тәрбиелеу ісінің жайына тоқталды. Біздің ұйымда партия мүшелігіне кандидаттық стаж мерзімдері өтіп кеткен жолдастар көп. Мұның өзі партия ұйымының кандидаттармен жұмысты жеткіліксіз ұйымдастыруынан деуіміз керек. Мысалы, Архерейский жолдастың БК(б)П мүшелігіне кандидат болғалы 6 ай уақыт өтті. Бірақ, ол күні бүгінге дейін кандидаттық карточкасын да алған жоқ. Тегі қалалық комитет оған кандидаттық карточка беруді ұмытып кетсе керек.

Жыйналыс талқыланған мәселе бойынша партияның өзгертілген Уставының жобасын бірауыздан қуаттап, қаулы алды. Қаулыда өзгертілген Устав партияның бірлігін онан әрі күшейтетіні атап көрсетілді. Сонымен қабат, жыйналыс бастауыш партия ұйымдары мен қалалық партия комитетіне коммунистердің Устав жобасын терең үйренуін ұйымдастырудың, ұсыныстарды жоғарғы партия орындарына хабарлап отырудың қажеттігін атап көрсетті.

## *Село коммунистерінің белсенділігі*

«Заря коммунизма» ауылшаруашылық артелінің (Соколов ауданы) коммунистері өздерінің жалпы жыйналыстарында партияның XIX съезі материалдарын зор белсенділікпен талқылады. Сөйтіп, олар партия ұйымының жұмысы мен колхоз шаруашылығын жаңа талаптардың дәрежесіне сай ұйымдастырудың шараларын белгіледі.

Сауыншы Замиралова жолдас жаңа бесжылдық жоспар жөніндегі директивалар жобасы колхозды деревняның экономикасы мен мәдениетін онан әрі гүлдендірудің программасы екенін айтты. Міне, сондықтан да біз колхозшы шаруалар,—деді ол, —жаңа бесжылдық жоспар жөніндегі директивалар жобасын шын жүректен қуаттап, оны жүзеге асыру үшін стахановша еңбек етеміз. Мен партияның XIX съезінің ашылу күнін әрбір сыйырдан 1700 литр сүт сауу жөніндегі міндеттемемді толық орындаумен қарсы аламын. Сөйтіп, жыл аяғына дейін әрбір сауын сыйырдан 1900 литр сүт сауууға жетісемін.

Партия ұйымдарының секретары Теренин коммунистерді колхозшы шаруалар арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарды кеңінен өрістетуге, колхозшылардың өндірістік белсенділіктерін барған сайын арттырып, ауылшаруашылық жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтауға шақырды.

—Жаңа бесжылдық жоспар жөніндегі директивалар жобасында,—деді коммунист Федосеев жолдас, —ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алудың тиісті мөлшері белгіленген. Олай болса, колхоз басқармасы пәлп танапты ауыспалы егіс жоспарын дұрыс пайдалану мәселесіне ерекше назар аударулары керек. Өйткені, ауыспалы егіс жоспары дұрыс жүзеге асырылған күнде ғана ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуға болады. Колхозшылар Ленин — Сталин партиясының қамқорлығына қажырлы еңбектерімен жауап береді.

Партия жыйналысы БК(б)П XIX съезінің материалдарын бірауыздан мақұлдап, қаулы алды. Колхоз коммунистері съезд құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, колхоз шаруашылығын ұйымдастыруда жаңа табыстарға ие болу беруді басты міндет етіп қойды.

...мен мемлекеттік кәсіп орындары, мекемелер 18 миллионнан астам шаршы метр жаңадан тұрғын үйлер салып, қалпына келтірді. Тұрғын үйлерді салу мен жөндеу жұмысына 2 миллиард сомға жуық қаражат ұсталды. Республика еңбекшілері мемлекет берген қарыздың көмегімен өздері үшін 7 миллион шаршыметр тұрғын үйлер салып алысты.

Қалаларды газдандыру жөнінде де орасан зор жұмыстар жүргізілуде. Кәзір республикада газдандырылған 175 мыңнан астам пәтер үйлер бар. Бұлар соғыстан бұрынғыдан 5 есе артық. Коммуналдық шаруашылықтың қажетіне шығарылып отырылған қаражаттың мөлшері соғыстан бұрынғыдан 10,5 есе артты.

## Мақта жыйнаушы машиналар далаға шықты

ТАШКЕНТ, 19 сентябрь. (СОТА). Өзбекстанның мақталы далаларында мақта жыйнау жұмысының майданы қыза түсті. Мақта жапырақтары қолмен тазартылған бірнеше аудандардан мақта жыйнаушы машиналар дала жұмысына шықты. Бірінші Алты-Арық және екінші Гиждуван МТС-терінің механизаторлары шитті-мақтаны машина мен жыйнау жұмысына кірісті.

Өзбекстанда быйылғы маусымда өсірілген мақтаның үш бөлегі машинамен жыйнауға ұйғарылды. Бұл өткен жылғымен салыстырғанда үш есе артық. Осыған байланысты машина-трактор станциялары шитті-мақта жыйнайтын мыңдаған машиналар алып, оларға қосымша 4200 машина жүргізуші механиктер әзірледі.

Партияның XIX съезіне лайықты тартулар әзірлеп, машина жүргізуші механизаторлар бір маусымның ішінде әрбір мақта жыйнаушы машиналармен 120—150 тоннадан шитті -мақта жыйнауға міндеттеме алысты.

поездардың жүріс...
бар әрбір қызметке...
білу, диспетчер учас...
қуаттылығын пайдал...
кезекшілік жұмыст...
мәнінде ұйымдастыра...
де кездесіп қалатын...
дер кезінде жойып, о...
отыру, вагондардың ...
ту және поездардың ...
қамтамасыз ету—пое...
йынша жөнелтіліп, ж...
тік жоспарын орында...
ші жағдай болып та...

Поездарды өткізуді ...
бар техника қуатын ...
жөнінде мен өз жұм...
Москва —Рязань тем...
бесін және Макушино...
петчер Родин жолдаст...
кеңінен қолданғым ке...

## Еңб...

Полудень аудандық ...
ның коллективі XIX с...
алған міндеттемелерін ...
дауда. Коллектив сегі...
тапсырмасын 119,5 пр...
дап, жоспардан тыс ...
өнімін берген болатын. ...
айының жоспарын оры...
отыр.

Социалистік жарыст...
мені орындауда кийм ...
орынға ие болды. Бұл ...
парды 8 ай 15 күнде ...
уақытта келесі жылды...
бастады. Осы цехта жұ...

**КО...**

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). ...
ғы, Ленин атындағы ...
сүт фермасы мен жылқ...
механизм күшімен жібе...
жұмысы аяқталды. Бұр...
жұмысында істейтін 20...
жұмыстарға жіберілді. ...
облысының ауылшаруаш...
де бесінші бесжылдықт...

# …ын үлгілі аяқтайық!

## …ОЙМЕН ОРЫНДАДЫҚ

…ай астық тапсыр-

…күні- түні бірдей
…туда машиналар
…Астық тазартуға
…на қосылды. Олар-
…тазартылды. Му-
…астық тапсыруды
…і жүргізуге қолай-

…олхозшылар стаха-
…а үлгілерін көрсет-
…мінде ысырапсыз
…ы социалистік жа-
…е отырып, жоғары
…ы. Өздеріне тағы-
…налық тапсырма-
…ындап отырды. Мы-
…дастың звеносын
…ындағы астық та-
…ндік норманы үне-
… отырды. Бұл зве-
… орнына, 150—170
…ға жетісті. Звено-
… Соболева, Варакила
…стар сияқты мүше-
…0 процентен орын-
…ерік және Бектұр-
…ылар бір күнде екі
…, жақсы нәтиже-

…етке астық жөнел-
…дастырылды. Жу-
…ды участогіне тәж-
…жеткілікті бөлінді.
…ріне астықты мей-
…ырды. Бүкіл орақ
…намен тасылды. Ал,
…арға астықты лезде
…ау пункттеріне жиі
…з етті.
…тиеуде М. Громник-

мелерін мінсіз орындап шықты. Мұндай еңбек озаттары колхозда көптеп саналады. Бұлармен бірге, астық тасуда шоферлар да жоғары көрсеткіштерге жетті. Колхоз шофері Д. Калашник жолдас «ГАЗ—51» машинасымен дайындау пункттеріне жиі қатынап, дайындау пункттеріне 9 мың центнер астық жеткізді.

Егін жыйнау мен астық дайындауда басқа колхозшылар да осындай табысты еңбек етті. Біз колхозшылардың күнбе-күн өнімді еңбек етуіне қажетті жағдайдың бәрін жасадық. Бұл жөнінде колхоз коммунистері мен комсомолецтері игі жұмыстар істеді. Олар егін жыйнау, астық дайындау сияқты аса маңызды участоктерде қолма- қол жұмыс істеумен бірге, егіншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын өрістете жүргізді. Мұның өзі колхозшылардың күнбе- күн өнімді еңбек етуіне, осының нәтижесінде егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарының еселеген қарқынмен жүргізілуіне қосымша зор мүмкіншіліктер туғызды.

Егін жыйнау мен астық дайындауға, әсресе, Сергеевка жетіжылдық мектебінің оқушылары мен оқытушылар коллективі көп көмек көрсетті. Олар күніне 4—5 сағат жұмыс істеп, 250—300 центнерден астық тазартып отырды.

Міне, осының барлығы мемлекет алдындағы бірінші парыз —астық дайындау жоспарын қысқа мерзімде ойдағыдай аяқтауға мүмкіншілік берді. Біз қол жеткен табысқа қанағаттанбаймыз. Сондықтан партияның XIX съезі құрметіндегі социалистік жарысты пәрменінше өрістете отырып, қазіргі уақыттағы маңызды ауылшаруашылық жұмыстарын: мал азығын дайындауды, зябь жыртуды, тұқым қорын құюды ойдағыдай жүргіземіз, сөйтіп, социалистік ауыл шаруашылығын өркен-

*Советтік Қазақстанда*



Оңтүстік Қазақстан облысының Пахтарал совхозындағы емхана үйі.

Суретті түсірген **Ю. Яневский.**
**(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).**

## Шу механизаторларының уәдесі

НОВО-ТРОИЦКОЕ. (Жамбыл облысы). (ҚазТАГ). Шу МТС-інің механизаторлары ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі партияның XIX съезінің директивалар жобасын қызыға талқылауда. Бағадур Вельевтің бригадасында әңгіме ерекше қызықты өтті.

—Бесінші бесжылдық жоспар туралы съезд директиваларының жобасында, — деді тракторшы Фазула Абиев,—сүйікті Отанымыздың одан сайын нығайып, гүлденуі көзделген. Біз өзіміздің күш-жігерімізді

*КИНО*

## „ӨМІР ҚҰШАҒЫНДА“

Облыс кинотеатрларының экрандарында көрсетіліп жатқан «Өмір құшағында» фильмі болашақ жұмысшылар—еңбек резервтері, қолөнер училищелері мен мектептері оқушыларының өмірін баяндайды.

Жазушы П. Василенконың «Жұлдыз» атты повесті бойынша қойылған бұл фильмнің оқыйғасы бүгінгі өмірден алынған.

Фильм болашақ жұмысшыларды тәрбиелеу мәселесіне арналған. Оқыйға дамуында жастардың өсу жолы, өмірге көзқарастарының, мінездерінің еңбек үстінде қалыптасуы көрсетілген.

Картинаның сюжеті Ленинградтағы № 5 қолөнер училищесінің өмірінен алынған. Училище коллективіне оң тік бұрғылау станогын жасау тапсырылады. Бұл, біріншіден, училище үшін үлкен құрмет. Өйткені, жаңа конструкция бойынша жасалған бұрғылау станогінің алғашқысын жасауды мемлекет училищеге сеніп тапсырып отыр. Екінші жағынан, мемлекеттік тапсырма училище үшін сын болмақ. Бұл «Өмір құшағында» Сценариін жазған К. Виноградская, фильмді қойған Н. Лебедев, оператор В. Левин-жин, музыкасы Соловьев- Седой. «Ленфильм» киностудиясы жасап шығарған.

Тапсырманы орындау үстінде училище оқушыларының іске қабілеттілігі, өз міндеттеріне қалай қарайтындықтары, бір сөзбен айтқанда, олардың училищеде алған білімдерінің жемісі анықталмақ. Сондықтан да оқушылар бұл іске үлкен жауаптылықпен кіріседі. Осы істе олардың қабілеттіліктері айқындала түседі. Маруся Родникова өзінің өткір, батыл, жылдам мінезімен, ал, Паша Сычев іскерлігімен, бірақ, істе баяу қыймылдайтындығы және жаңалыққа өте сақтықпен қарайтындығымен көзге түседі. Шынында осы екі мінездің «соқтығысы» фильм сюжетінде кездесетін басты конфликтердің

жастар өздерінің өсу жолында Василий Никаноровичке көп қарыздар. Талантты артист Меркурьевтің орындауындағы бұл образ жұмысшы табының шын мәніндегі өкілі болып шыққан. Жарты ғасыр өмірін заводта өткізген Василий Никанорович болашақ жұмысшылардың бойына тамаша қасиеттерді сіңіре алады.

Артистка Н. Румянцеваның орындауындағы Маруся Родникова таза жанды, адал жүректі, өз ісіне шын берілген қыз. Оның мінезі, іс қыймылы үнемі алға ұмтылатын, Отан үшін қай іс пайдалы болса соны орындауға құштарланатын адам екенін айтпай-ақ ұғындырады. Оның сәтсіздіктері іздену жолында кездескен бөгет. Бұл бөгетті сындардан ол мүдірмей өтеді. Бір сөзбен айтқанда, бұл фильмдегі Маруся Родникованың образы Н. Румянцеваның творчестволық тамаша табысы.

В. Соколов жасаған Паша Сычевтың образы да фильмді жасаушы коллективтің зор табысы. Фильмде Пашаның өсу жолы толық көрсетілген. Оның өсу жолында ешқандай секіру, бұлталақ жоқ. Өз міндетін терең түсінген, сабырлы, әр істі баппен істейтін ол ерінбей еңбектенудің нәтижесінде іскер жұмысшы дәрежесіне дейін көтеріледі. Өз жолдастарының алдыңғы қатарындағы салмақты, болашаққа берік сеніммен аяқ басып бара жатқан жас. Міне, Соколов жасаған Паша Сычев образы бізге нақ осындай болып көрінеді.

Фильмнің оқыйға желісінде ұмытылмайтын кезеңдер көп- ақ. Тұманды тәңертеңгілікте батыр қаланың көшесінде сап түзеп, заводқа бет алып бара жатқан жас жұмысшылардың қуанышты, жайдары жүздері көрушіні олардың қуанышына сөзсіз ортақтастырады.

Бұл сияқты жетістіктерімен қатар фильмде кемшіліктерде жоқ емес. Әсресе, комсомол ұйымының ролі мен оның секретарының образы өте көмескі. Жастарды

ті. Егіншілер бастырылған астықт... ...дікпен тазартып, оны дайындау орындарына үздіксіз жөнелтумен болды. Олар астық дайындау жоспарын жуыр аранның ішінде толық аяқтау үшін күресуде.

Т. НҰРҚАНОВ.

...майымен он күнде бір жұмыс істеп отыр... ды. Мұның өзі бригада бойынша трактор жұмыстарының мерзімінен бұрын және артығымен орындалуына қажетті жағдай туғызды.

...ханизаторлары қазіргі уақытта жоспардан тыс жер жұмыстап жатыр.

Б. ЖАҚЫПОВ,
Қарақоға.

...XIX съезінің ашылуына дейін Ертістің түбінен 1953 жылдың есебіне тағы да он... даған мың текшеметр топырақ қазып шығаруға міндеттенді.

...пардан тыс онда...
ған.

Паровозшылар...
силий Петренко...

# Қоғамдық социалистік меншік—советтік құрылыстың бұлжымас негізі

I

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі және өндірістің социалистік жаңа әдісін құру нәтижесінде елімізде өндіріс құралдарына жеке меншіктілік жойылды және халық шаруашылығының барлық саласында қоғамдық социалистік меншік орнады.

Социалистік меншіктің сипатын айқындай келіп, Сталин жолдас оның советтік құрылыстың бұлжымас негізі екендігін және шаруашылықтың социалистік жаңа формасын нығайтуда шешуші маңызы бар екендігін көрсетті. «Капитализмнің негізі жеке меншік болғандығы сықылды, — дейді ұлы көсем, —біздің құрылысымыздың негізі — қоғам меншігі. Капиталистер кезінде капиталистік құрылысты нығайтып жеке меншікті қасиетті меншік, ешкімнің суық қолын сұқтыруға болмайтын меншік деп жариялаcа, біз, коммунистер, өндіріс пен сауданың барлық тарауларында шаруашылықтың жаңа социалистік формаларын нығайту үшін қоғам меншігін қасиетті меншік, ешкімнің суық қолын сұқтыруға болмайтын меншік деп өте- мөте мықтап жариялауымыз керек» (И. В. Сталин, Шығармалар, XIII-том, 209-бет).

Өндіріс құралы қоғам меншігі болуы негізінде бізде жаңа өндірістік социалистік қарым- қатыс қалыптасты. Бұл қанаушылықтан азат қызметкерлердің жолдастық ынтымақтығымен өзара көмегіне негізделген жаңа социалистік өндірістік қарым- қатынас құру өндіргіш күштің сипатына толық сәйкес келеді, советтік қоғамның экономикалық базасын жасау болып саналады. Бұл елімізде өндіргіш күшті қуатты өркендетудің негізгі және шешуші күші болды және бола бермек.

Капиталистік экономикадан социалистік экономиканың артықшылығы сол, оның өндіргіш күші үздіксіз өсе береді. Қоғамдық социалистік меншікке сүйенген ССРО-ның халық шаруашылығы өндірісті үздіксіз ұлғайту принципімен өркендейді. 1940 жылы елімізде ірі өнеркәсіп өнімі 1913 жылдағыдан 12 есе артық берді. ССРО-да 20 жыл ішінде 1929 , жылдан 1949 жылға дейін өнеркәсіп өндірісінің көлемі 9 есе ұлғайды. 1950 жылы өнеркәсіпте жалпы өнім шығару мөлшерінің соғысқа дейінгі дәрежесінен 73 процент артқандығы соғыстан кейінгі дәуірде социализм еліндегі өндіргіш күштің тез өркендегендігінің айқын сипаттамасы болып саналады. Социалистік қоғамның өнеркәсіп өнімінің өсу қарқыны ең бір өркендеген капиталистік ел —АҚШ-тың қарқынынан он есе шапшаң. Қоғамдық меншікке негізделген шаруашылықтың социалистік системасы дүние жүзіндегі ең өмірге бейім, шаруашылықтың нағыз прогрессивті системасы болып саналады.

Қоғамдық социалистік меншіктің өсуі және молаюы негізінде елімізде ұлттық табыс тез қарқынмен өсуде, совет халқының заттық және мәдени дәрежесі үздіксіз көтерілуде. 1950 жылы жұмысшылар мен қызметшілердің табысы және шаруалардың табысы соғысқа дейінгі 1940 жылға қарағанда 62 процент, ал, 1951 жылы тағы да 10 процент көбейді. ССРО-ның еңбекшілері өздерінің заттық және мәдени қажетін өтеуге ұлттық табыстың төрттен үш бөлігіне дейін алады, ал, капиталистік елдерде ұлттық табысты бөлу біртоп қанаушыларды байыту мүддесіне бағындырылады.

Өндіргіш күштің қоғамдық социалистік меншік болуы советтік қоғамның саяси-моральдық бірлігінің материалдық негізі, ал, бұл қанаушы таптарды жою және елімізде социализм жеңісі нәтижесінде мүмкін болған іс.

II

Қоғамдық социалистік меншік мемлекеттік және колхоз кооперативтік формалар болып екіге бөлінеді.

Мемлекеттік меншік капиталистік және помещиктік меншікті экспроприациялау негізінде туды. Социалистік өндірісті кеңейту негізінде сталиндік бесжылдықтар жылдарында мемлекеттік меншік зор дәрежеде молайды. Совет өнеркәсібінің негізгі қоры Ұлы Отан соғысына дейінгінің өзінде патшалық Россиядағыдан он есе артық болатын. 1928—1940 жылдардың ішінде тек қана мемлекеттік өнеркәсіп орындарынан 8900 өнеркәсіп орны салынып, пайдалануға берілді. Соғыстан кейінгі бес жыл ішінде 6 мыңдай мемлекеттік кәсіпорындары салынды, қалпына келтірілді және қатарға қосылды. Осының нәтижесінде ССРО- ның барлық өнеркәсібінің негізгі өндірістік қоры 1940 жылғымен салыстырғанда 1950 жылы 58 процент көбейді.

Кооперативтік- колхоз меншігі совет мемлекетінің басшылық ролі және зор көмегімен ұсақ шаруалар мен қолөнершілердің құралдарды және өндіріс құралдарын өз еркімен тапсыруы негізінде пайда болды. Колхоз құрылысы жылдарында колхоздардың қоғамдық меншігі бірнеше есе өсіп қана қойған жоқ, сонымен бірге, ауыл шаруашылығының озат техникамен қарулануы нәтижесінде сапа жағынан да негізінен өзгерді. 1940 жылы колхоздардың бөлінбейтін қоры 20 миллиард сомнан асты, ал шаруалардың колхоздарға кірер алдында тапсырған мүлкінің бағасы мен жарнасының мөлшері 2 миллиард сом болатын. 1951 жылы қоғамдық колхоз меншігінің негізі болып саналатын колхоздардың бөлінбейтін қорлары 1940 жылғымен салыстырғанда 1,8 есе өсті.

Еліміздің халық шаруашылығында өндіргіш күштің мемлекеттік бүкілхалықтық меншік болуының шешуші ролі бар. Бұл социалистік меншіктің жоғарғы формасы болып саналады және социализмнің экономикасында аса зор орын алады, сөйтіп, кооперативтік -колхоз меншігін нығайтуға шешуші әсер етеді. Тек мемлекеттік меншіктің өсіп нығаюы негізінде ғана колхоз- кооперативтік меншіктің ойдағыдай өркендеуі мүмкін.

Қоғамдық меншіктің екі формасы да өзінің социалистік тұрпаты жағынан біртектес. Мемлекеттік кәсіпорындарында, сол сияқты, кооперативтік-колхоз кәсіпорындарында да өндіріс құралдарына жеке меншіктілік жасайтын адамдар жоқ, адамды- адам қанаушылық жоқ. Социалистік меншіктің екі формасы да еңбектің социалистік сипатын және мемлекеттік, сол сияқты, кооперативтік- колхоз кәсіпорындарында ақыны еңбекке қарай бөлудің социалистік принципін бейнелейді. Олар өндірістің үздіксіз өркендеуін, шаруашылықтың жоспарлы түрде алға басуын, еңбекшілердің заттық және мәдениет дәрежесінің үздіксіз өсуін қамтамасыз етеді. Бірақ, социалистік меншіктің екі формасының біртектестігі олардың арасында айырмашылық жоқ деген ұғым бермейді. Егер, колхоз -кооперативтік меншік әрбір жеке колхоз бен кооперативтік бірлестікке тиесі болса, мемлекеттік мен-

шік бүкіл халы...
лады. Мемлекет...
Совет мемлекеті...
бірыңғай басшы...
гізінде басшыль...
ғамдық шаруаш...
және оны үі...
барлығын ау...
Уставы негізінд...
жыйналысы, ал...
колхоз басқарма...

Советтік қоғ...
ға басып келе...
меншіктің екі...
машылық бірте...
Бұл процесс м...
барған сайын...
дайында социа...
масын да ж...
негізінде жүрг...
нистік қоғамн...
меншігін құру...
циалистік мен...
сындағы айыр...
колхоз -коопе...
лықтық менші...
деревня арасы...
лықтарды жоқ...
уалар арасын...
тарды біржола...
реді.

Большевикт...
коммунистік...
шылық жасай...
листік менші...
жөнінде үздік...
Сталин жолда...
тік системась...
ғамдық менш...
нің негізгі м...
лады деп үйі...

Қоғамдық...
селе Сталинді...

# иялық соғыс жүргізілген фактілерін зерттеу алық комиссиясының баспасөз конференциясы

шыдағы-
ска түрлері
пайдалануға
ы жәндік-

е Қытайда
бактериоло-
йін бұл ел-
тарамалы
а Андреев
рді:
түсіндіруге
-Қытай ға-
жұқпалы ау-
нда тамаша
і мойында-
іден. Корея
азалық жө-
алық қоз-
гу жұмысы
і. Бұл қоз-
ска қарсы
ан.

мүшелері
Қытай)
езінде бол-
ктық өкмет
варын өте
п жатқа-
і тазалық
мдастырыл-

а болған.
леті Кань-
өткен, ке-
е әртүрлі
717 тыш-
рін мысық-
дерін сақ
ің бірде-бі-
н тигізбе-
ұсталып.
ы мүмкін
рту үшін

лерді әртүрлі тұрғыдан қарап зерттедік. Тұтқындардан жауап алған кезде олар бір қалыпты жағдайда болып, өздерін байсалдылықпен ұстады. Олар қандай да болса қысым жасалу сезімінен еркін болды. Мен олардың берген жауаптарына толық сенуге болады деп есептеймін. Жауап алынғаннан кейін біз мынадай үш түрлі қорытындыға келдік: біріншіден, біз олардың айтқанының шын екендігін дәлелдедік. Олар дені сау және моральдық жағынан есі дұрыс адамдар. Екіншіден, біз бұл тұтқындар қандайда болса моральдық немесе күш жұмсау ықпалынан еркін болды. деген қорытындыға келдік. Үшіншіден, олардың өздері қылмыс деп есептейтін әрекетке қатысқанына олар шын ниетімен өкініш айтты. Олар өз кінәсін жуу үшін мүмкіндік алуды қатты тілейді.

Аурулар таратуға қатысқан адамдардың осыншалық өзгеру себебі неден болды? Меніңше, мұның жауабы мынада. Біріншіден, олардың саяси саналылығы төмен болған. Олар өзінің халықаралық сыпаты бар ешқандай елеулі моральдық міндеттемелерін ешуақытта сезбеген. Олар Женева протоколы туралы ешуақытта естімеген және соғыс тұтқындары мен басқа адамдар жөніндегі халық аралық право туралы ешкәрсе білмеген. Американ армиясында оларға бұл сияқты нәрселерді ешуақытта үйретпеген. Екіншіден, олар өз үкметінің бұйрықтарын ойланбай орындай берген. Олар өзінің үкметі өздерін алдайды деп ойламаған, сондықтан өздеріне бұйырғанның бәрін істей берген. Бірақ олардың саяси саналылығы төмен болды дегенде олар саяси жағынан мүлде санасыз болды деп ұқпау керек. Оларды бактериологиялық соғыс жүргізуге үйреткен және олар АҚШ-та бактериологиялық соғыс туралы лекциялар тыңдаған. Ал олар Кореяға келген кезде, оларды үйрету жұмысы бұрынғыдан анағұрлым күшті жүргізілген.

Осы сұраққа берілген жауапты толықтыра келіп, профессор Нидхэм былай деп мәлімдеді: менің әріптестерімнің бұған көзі жеткеніне мен қуанамын, ал қытайлықтардың дүние жүзінде ешкімнен кем түспейтініне менің көзім ертеде-ақ жеткен болатын. Корей мен Қытайда ғылымның дәрежесі өте жоғары. Ғылым біреу-ақ, олай болса сіздің қай жерде тұрғаныңыз, Шанхайда, Пекинде. Москвада, Парижде, Лондонда, Оксфордте. Кембриджде немесе Құрама Штаттарда, немесе американ континентінің тағы бір жерінде тұрғаныңыз шарт емес.

Баспасөз конференциясында науқас болуы себепті конференцияға қатыса алмаған доктор Жуков-Верещниковтың жазба мәлімдемесі оқылды. Мәлімдемеде былай делінген: «Мен кәзір ғалымдардың халықаралық комиссиясының жұмысына қатысудан алған өзімнің пікірлерім жайында кейбір нәрселерді айтып бергім келеді. Мен ең алдымен комиссияның шын мәнісінде орасан зор табысқа жеткенін көрсеткім келеді. Дүниежүзілік екінші соғыс кезінде жапон империалистері бактериологиялық қару қолданды, ал бүгінгі күні Америка Құрама Штаттары қарудың бұл түрін қолданып отыр. Бұл жантүршігерлік факт бүкіл дүние жүзі халықтарының өмірі мен хауіпсіздігіне тікелей қатер төндіреді.

Орта ғасырларда кең жайылған чуманың сансыз көп адамдарды алып кеткені жақсы мәлім. Жұқпалы ауру миллиондаған адамдар қырылғаннан кейін ғана тоқтатылды.

Бірақ чумадан кейін іле-шала XIX ғасырда оба ауруы тарап, тұтас деревнялар мен қалаларды, тіпті тұтас ұлттарды құртып жіберді.

Ғылымның орасан зор табыстары мыңдаған адамдардың өміріне хауіп төндіреген

# Кореядағы оқыйғалар

## ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 19 сентябрь. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірге америкэн-ағылшын интервенттері мен лисынманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің зенит артиллериясы және жау самолеттерін аңдып атқыштар дұшпанның 3 истребителін атып түсіріп, 2 истребителін зияндады.

Кеше түнде «В—29» американ бомбардировщиктері Пхеньянның төңрегіндегі бейбіт деревняларды бомбалады.

# Тынық мұхит және Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының конгресі алдында

ПЕКИН, 19 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды:

Тынық мұхит және Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының конгресін шақыру жөніндегі Даярлық комитетінің өкілі Құрама Штаттар мен Жапонияның, Австралияның үкметтері Конгреске осы елдерден келетін делегаттарға паспорт беруден бастартуларына байланысты мәлімдеме жасады. Ол мәлімдемеде былай делінген:

Тынық мұхит және Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының Конгресін шақыру туралы қарарды бүкіл дүние жүзінің халықтары қызу қуаттап қарсы алды. Азия мен Тынық мұхит бойындағы біртәлай елдердің делегаттары Конгреске сайланып, осы елдердің көптеген делегаттары кәзірдің өзінде Пекинге келді немесе Пекинге бет алып жолда келе жатыр. Алайда, Құрама Штаттар мен Австралияның, Жапонияның үкметтері өз елдерінің делегаттарына паспорттар беруден бастартты. Тынық мұхит және Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының Конгресін шақыру жөніндегі Даярлық комитетінің мүшелері және Пекинге келген әртүрлі елдердің делегаттары бұған өздерінің ыза-кектерін білдіруде. Тынық мұхит және Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының Конгресі үстіміздегі жылы июнь айында мәжіліс құрған Даярлық комитетінің қарарына сәйкес шақырылып отыр. Конгрестің Тынық мұхит және Азия елдері халықтарының

дігін және бейбітшілікке байланысты мәселелерді талқылайтындығы әлемге мәлім. Бұл ұлы мақсат Азия мен Тынық мұхит аудандарындағы және басқа барлық дүние жүзіндегі адал ниетті адамдардың талаптары мен мақсаттарына толығымен сәйкес келеді. Сол сияқты, бұл мақсат Құрама Штаттар мен Жапонияның, Австралияның халықтарының да талаптары мен тілектеріне сай қабысып жатады.

Осы сияқты бейбітшілік мәселелерін талқылау үшін шақырылып отырылған Тынық мұхит және Азия елдері бейбітшілік жақтаушыларының Конгресіне қатысуға күштар өз елдерінің адамдарының алдында мұншалықты үрпиісіп, өз елдерінің делегаттарына паспорт беруді тоқтатып, немесе, бастартып отырған Құрама Штаттар мен Жапонияның, Австрияның үкметтеріне біз түсіне алмадық.

Өз елдері халықтарының атынан Конгреске сайланған делегаттарға паспорт беруді тоқтатып немесе бастартуға Құрама Штаттар мен Жапонияның, Австрия үкметтерінің ешқандай дәлелі жоқ деп есептейміз. Басқа елдердің үкметтерінің паспорттар бергені сияқты біз Құрама Штаттар мен Жапонияның, Австрияның үкметтері де өз елдерінің делегаттарына тоқтаусыз паспорт береді деп үміттенеміз. Конгрес жұмысына қатысу үшін паспорт алуға тырысып жүрген адамдарға өзіміз-

(Франция) сөз сөйлеп, былай деп мәлімдеді: «Көп жәндіктерде байқалған белгілер және басқа белгілер бұлардың осы аудандарда бұрын болмағанын, қайта басқа жақтан-қаса-қана алып келінгенін көрсетеді. Жұмыстың барысында біз барлық фактіні күмәнға алуға уйғардық, екінші сөзбен айтқанда біз әрбір фактіні мейлінше тыңғылықты тексердік. Біздің өз зерттеуімізде осындай әдіспен шығарған барлық қорытындылар, сонымен қатар талдаулар мен тексерулердің нәтижелері фактілерге негізделген».

Келесі сұрақ: Батыстың кейбір ғалымдары Корея мен Солтүстік-Шығыс Қытайда табылған жәндіктерде бактериялар жұқтырылуы мүмкін емес және бактерияларды қысқы уақытта таратуға жарамайды деп есептейді. Сіздердің пікірлеріңіз қандай?

Бұл сұраққа доктор Самуэл Пессоа (Бразилия) мынадай жауап берді:

Бұл сұраққа жауап беру оңай. Жапондар бациллаларды тарату үшін самолеттен бүргелер тастады. Олар бүргелерді контейнерлерге салып та таратты. Менің айқын білуімше, қолайлы жағдайларда маса сияқты жәндіктерге вирулент бактериялары, безгек бактериялары және сары безгек бактериялары қолдан жұқтырылуы мүмкін. Қолайлы жағдайларда бұл жәндіктер өте мықты келеді. Бүргелер гіпті ауаның суықтығы 14 градус болғанда да

...екінші соғыс кезінде чума тараткан жапондардың қолданған әдістеріне өте ұқсас келеді. Біздің советтік әріптесіміз доктор Жуков-Вережников Хабаровскіде болған сотта бактериологиялық соғыстың жапон қылмыстылары берген жауаптарға сүйене отырып, Америка Құрама Штаттары қолданған әдістерді жапон әдістеріне ұқсас деп таныды. АҚШ бактериологиялық соғыстың кейбір жапондық қылмыстыларын пайдаланған.

**Сұрақ:** Қолға түсірілген американ ұшқыштарының жасаған мәлімдемелерінің ақиқаттығына Батыста кейбіреулер сенбейді. Олар бұл ұшқыштарды мәлімдеме жасауға күшпен көндіртті деп ойлайды. Бұл мәселе жөнінде комиссияның пікірі қандай?

Профессор Ж. Мальтер (Франция) былай деп көрсетті: ғылми тұрғыдан қарағанда, соғыс тұтқындарының мәлімдемесі жөнінде кейбір сақтық жасалуы табиғи нәрсе. Бірақ біз фамилиялары бүкіл жұртшылыққа белгілі болған екі соғыс тұтқыны — Инокпен және Куинмен ғана емес, сонымен қатар басқа да екі тұтқынмен — Ф. Б. О. Нилмен және Поль Ниспен де әңгімелестік. Осы ұшқыштармен әңгімелескен кезде біз адамзаттың ғылми және психологиялық факторларын толық еске алдық. Комиссияның алты мүшесінің төртеуі медицина докторлары болып табылады. Біз тұтқындардың бізге айтқандарының бәрін жете ақылға салып, мәселе-

Доктор О. Оливо (Италия) былай деп көрсетті: біз қытай мен корей ғалымдарының еңбектеріне сақтықпен қарадық. Бірақ олардың ғылми позициясына, олардың бізге жасаған баяндамаларына, олардың бізбен ынтымақтасу әдістеріне қарағанда, біз мынадай пікірге келдік. Қытай мамандары, сондай-ақ корей мамандары тамаша ғылми табыстарға жеткен. Батыстың кейбір ғалымдары қытай ғалымдарының дәрежесі онша жоғары емес деп есептеп, қытайдың көп ғалымдары өздерінің шәкірттері екенін ұмытып жүр. Осы мамандардың көбі Англияның, Францияның және Құрама Штаттардың университеттерінде оқыған. Олардың жасаған баяндамаларының ғылми дәрежесі өте жоғары. Біз бұларды өте іскер ғылми қызметкерлер деп айта аламыз. Біз әуелде соғыс жағдайының ықпалымен олар фактілерді асыра көрсетеді деп ойлаған едік, бірақ мұқият талдау жасағаннан кейін біз олардың баяндамаларында ешқандай асыра айтушылық жоқ екендігін көрдік. Біздің келіспеген жерлерімізде олар шыдамдылық көрсетіп, фактілермен толықтырып отырды. Егер тезінен қорытынды жасауға болмаса, олар күн ілгері қорытынды жасамады. Мен өзіммен бірге негізгі бір қорытындыны—реалистік ғылми көзқарасы бар қытай мен корей ғылми қызметкерлерін қадірлеу сезімін ала кетемін. Қытай және корей ғалымдарымен бірге жұмыс істеу менің үшін зор абырой болды.

Сұрақ қою және жауап қайтару түрінде өткізілген әңгіме аяқталғаннан кейін ғалымдардың Халықаралық комиссиясының шолушы-консультанты доктор Франко Грациози (Италия) қысқаша мәлімдеме жасады. Ол былай деді: «Мен ғалымдардың Халықаралық комиссиясының жұмысына бір ай бойы дерлік қатыстым. Мен Корея мен Қытайдағы бактериологиялық соғыс туралы документтерді зерттедім. Мен қытай бактериологтерімен әңгімелестім. Өз жұмысымның нәтижесінде мен мынадай белгілі қорытындыға келдім: Солтүстік-Шығыс Қытай мен Корея Құрама Штаттардың қарулы күштерінің бактериологиялық қару қолданған объектілері болған, сонымен қатар комиссияның қорытындылары өте дұрыс. Бактериолог болғандығымнан мен, атап айтқанда, қытай ғалымдарының жұмысына ешбір күмән келтіруге болмайтынын көрсеткім келеді».

Конференцияның қорытындысында Го Мо-жо тілшілердің осынша көп маңызды сұрақтар қойғаны үшін, ал мамандардың бұл сұрақтарға зор жауапкершілікпен байымды жауаптар бергені үшін тілшілер мен мамандарға алғыс айтты. Адамзаттың бақыты үшін, деп мәлімдеді Го Мо-жо, бүкіл дүние жүзіндегі барлық адал ниетті адамдар бактериологиялық соғысқа қарсы күреске жұмылдырылуға тиіс. Біз ғылымның жеңіп, бейбітшіліктің салтанат құратынына берік сенеміз.

Герман Демократи...
ның халқының атын...
дің орынбасары Бать...
шын жүректен сәлем...
ше түрлі кедергілер...
халқының тілегі аяқ...
мыздың басын қос...
цияның сенімі зор ...

**«БІРЛІК,**
**БІРІККЕН НЕМІС...**

БЕРЛИН, 19 сент...
агенттігі бұрынғы р...
Вирт бастаған «Бірл...
бостандық үшін күр...
қозғалысы» Батыс Г...
жариялады деп хабар...
де, былай делінген:

Егер немістер өз х...
нің болашағы турал...
болса, ұлы мемлекетт...
суы үшін олардың ...
шуші маңызы болады...
кен күнде де біздің е...
Батысындағы немісте...
көзқарасқа келу мақс...

## Жапон парламентінің сайлауы алдында

ТОКИО, 18 сентябрь (СОТА). 16 сентябрьде жапон парламентінің палатасы депутаттығына кандидаттарды тіркеу аяқталды. Небары 1243 кандидат, оның ішінде либералдық партиядан — 475, прогресшіл партиядан —208, оңшыл социалистік партиядан —109, солшыл- социалистік партиядан —96, коммунист партиясынан —107, «ынтымақ партиясы»—28, жұмысшы- шаруа партиясынан —11, басқа партиялардан —41, тәуелсіздерден —168 кандидат тіркелді.

Кандидаттардың ішінде бұдан бұрын тазалауға жатқан нағыз жапон империализмінің агрессиясына тікелей немесе жанама қатысқаны үшін қоғамдық және саяси қызметпен шұғылдануға тыйым салынған 318 адам бар.

Кандидаттардың ішінде —Тоджио кабинетіндегі ішкі істер министрінің бұрынғы орынбасары прогресшіл партияның мүшесі Карасаба, бұрынғы ішкі істер министрлері либералдық партияның мүшелері Кабахарада мен Ямадзаки, құпия саяси полиция бөлімдерінің бұрынғы бастықтары либералдар Окадзаки мен Нива, Токио полиция басқармасының бұрынғы бастықтары прогресшіл партияның мүшелері Мацуда мен тәуелсіз Усуда бар.

«Елші Мэрфи және сайлау» деген мақалада «Сякай тайм» газеті:

«Қазір американдар Жапонияны қайта қаруландыруды қолдап отырған Американы жақтайтын кандидаттардың көпшілігін сайлауды тілейді.

«УДАРНИК» кинот...

«РОБИН ГУДТЫ...

Сеанстар сағат 6-8-...

Қасса сағат 3-тен б...

Солтүстік Қаза...
«Главкинопрокат»
экрандарында
**«ӨМІР ҚҰ...**
деген жаңа көр...
түсті фильм көрсе...
Сценарий К. ...
Фильмді қоюшы Н...
сер А. Кудрявцев.

**РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, редактордың ...
партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —0-22, газет табыс етілмесе — ...

УШ 01833 Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік № 18 ба...